

Лебяжі ауданы Шақа ауылдық округі Шоқтал ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Лебяжі ауданы Шақа ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 ақпанда № 5380 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Шақа ауылдық округі Шоқтал ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шақа ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Лебяжі ауданы Шақа ауылдық округі Шоқтал ауылының көшелері:
"Гагарин" көшесі "Қабдылқазы Айтқалиев" көшесі болып;
"Киров" көшесі "Төлеубай Қобайдаров" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шақа ауылдық
округінің әкімі*

Т. Тлеукенов